

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №46 орта мектеп
Мектепалды даярлық О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 04 - 08 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы


Тәрбиеші: Кәдірбаева Назерке Кәдірбайқызы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Тақпақ жаттау. Мен анамнан қалмаймын! Онсыз ешқайда бармаймын! Айтыңдаршы, менсіз Жарты күн өмір мүмкін бе? Анаммен бірге ас үйде де, Істерге бірге барамыз, Екеуміз мультикті бірге көреміз, Алмұртты бөліп жейміз.	Психогимнастика «Бүгін өзінді қалай сезінесің?» Балаларға әртүрлі көңіл- күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады. Балалар оның көңіл- күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін тандайды	Саусақ гимнастикасы Фигураларды орындау Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. «Үйшік» Құбыр және шатыры бар үй тұр, Мен балконға серуенуге шықтым. «Көзілдірік» Әжей көзілдірік киді Немересін көрді. «Орындық» Аяғы, арқасы және орындық – Міне, таңқаларлық орындық	Психогимнастика «Жақсы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кэмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.	Саусақ гимнастикасы Біз базарға бардық, Алмұрт пен құрма көп, Лимон, апельсин бар, Қауын, қара өрік, мандарин. Біз қарбыз сатып алдық, Бұл ең дәмді жүк. (Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Зат не үшін қажет?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың тапқырлығын, белсенділігін және ойлау дербестігін дамыту; балалардың тұрмыстық заттардың, құралдардың маңызы туралы білімін бекіту; оларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу (қоршаған ортамен танысу +сөйлеуді дамыту	«Әрекетті бағала» дидактикалық ойыны. Мақсаты: сюжеттік суреттердің көмегімен балалардың жақсы және жаман істер туралы идеяларын дамыту; іс- әрекеттерді сипаттау және бағалау; сезімталдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	«Қармақ» ойыны Мақсаты: орнында секіру жаттығулары; ептілікті, қимылдарды үйлестіруді, зейінді дамыту	«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, табандылықты дамыту	«Әрекетті таңда» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалар сөздігінде етістікті белсендіруді жалғастыру
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 7				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгіме «Адам қандай болуы керек?» Мақсаты: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық)	«Адам неге сенуі керек?» ойыны <i>(Доппен шеңберде)</i> Мақсаты: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі	«Мен кімін?» Мақсаты: туыстық байланыстарды білу (кім кімге керек): Мен анамын, ал сен маған кімсің? Кімнің үлкен, кімнің кіші екенін атай білу	«Өз қорқыныштарын туралы айт» жаттығуы Мақсаты: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту	Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы Мақсаты: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Мақсаты Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз О, керемет, керемет! \ Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Жұп құр» ойын-жаттығуы Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізгік, тақия-тарақ, от-орындық, керуест-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине	Көркем әдебиет Міндеті: Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Бүгін акын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Мақсаты Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу Педагог: 1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ Педагог балаларға сұрақтар қояды. Алғашқы қар. –Өленді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? –Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. –Өленде автор қарды неге теңейді? –Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? –Сендерге өлең ұнады ма? –Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? –Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. –Енді осы өленді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады	Көркем әдебиет Міндеті: - Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өленде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? – «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өленді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 бала өленді жатқа айтады

			Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды		
--	--	--	--	--	--

Үзіліс : «Әуедегі атыс»


ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі . 	   	Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.
---	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Математика негіздері Міндеті: -заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру Мақсаты : салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып	Қоршаған орта Міндеті: Өз кұрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау Мақсаты— ұлттық ойындарға қызығушылықтары н арттыру -Балалар ,татулық дегенді қалай түсінесіңдер? -Татулық-достар арасындағы ең керемет қасиет. Тату балалар бір-бірін тыңдайды,ойыншықтармен бөліседі,ренжіспейді,тату-тәтті ойнайды. Сондықтан достық татулықтан басталады.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту «Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи..., бә...	Математика негіздері Міндеті: Бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру Мақсаты. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. - Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген). - Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады?	Сауат ашу негіздері Міндеті: Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір. Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет
---	---	---	--	---

	білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды. Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді	-Бүгін біз бірігіп «Хан талапай» асық ойынын ойнаймыз.		(Бүгін) - Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.) Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді. Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?	
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз . Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .	  	Ойын: «Жалауша» Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша. Мазмұны. Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады. Ойынның ережесі. 1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. Әдістемелік нұсқаулар. Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.
--	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Музыка	Қазақ тілі	Математика негіздері	Музыка	Қоршаған орта
--	--------	------------	----------------------	--------	---------------

	Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру Мақсаты: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны	Міндеті: - Өз бетінше қарым-қатынас жасауға баулу Мақсаты тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру Мынау не? – Бұл – балабақша. – Балалар қайда келді? – Балалар балабақшаға келді. – Балалар не істеп жүр? – Балабақша ауласында ойнап жүр. – Саған балабақшада көңілді ме? – Иә, балабақшада көңілді. Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос. – Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Артем, сен кіммен ойнайсың? Артем, Арлан сенің досың ба? – Иә. Менің досым – Арлан. – Артем, Арлан – достар. – Достар қалай ойнайды? – Достар тату ойнайды	Міндеті: қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу Мақсаты «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру. Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады. Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды Сөйлеуді дамыту Міндеті: Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Мақсаты Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу Педагог: 1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2.Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ Педагог балаларға сұрақтар қояды. Алғашқы қар. –Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? –Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. –Өлеңде автор қарды неге теңейді? –Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? –Сендерге өлең ұнады ма? –Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? –Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. –Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең	Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай)	Міндеті: Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Мақсаты еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Әңгіме өткізу. – Мемлекеттік рәміздерге не жатады? – Мемлекеттік Елтаңба. – Мемлекеттік Ту. – Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі
--	--	---	---	---	---

		жолдарын жаттатады			
Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны					
Тіл гимнастикасы «Р»-ға тілің келе ме?		Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабындар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.			
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Дене шынықтыру Міндеті: - ; Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату Мақсаты Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру	Дене шынықтыру Міндеті: Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу Мақсаты Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады.	Қазақ тілі Міндеті Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу Мақсаты тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру Дидактикалық ойын: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды).	Дене шынықтыру Міндеті: Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Мақсаты Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады

		Мақсаты:- балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен мүсіндеудің әртүрлі әдістерін, жапсыруда заттардың өлшемін, Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу Топтық жұмыс			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Серуен	<i>Аспанды бақылау</i> Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды. Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жсер, аспан) – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады. Тақпақ «Аспанда» Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты» Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту.	<i>Желді бақылау</i> Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау. Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) Тақпақ: Жел тынымсыз гүлдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып. Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар» Еңбек: өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу. Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	<i>Күнді бақылау</i> Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. Жұмбақ: Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады. Тақпақ: Шұғылалы күніміз Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер» Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту	<i>Су бетіне қатқан мұзды бақылау</i> Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жсұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жсапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жсарып көріңдер. (ол жсұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз) Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар» Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы». Еңбек: есік алдын сытырушы ағайза көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.	<i>Қарды бақылау</i> Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жсауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар. Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар) Болжам: көп қар- көп нан. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы». Еңбек: тәжірибе жасаған үстел үстін жсинастыру.
---------------	---	--	---	---	--

Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	---	---

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №46 орта мектебі

Мектепалды даярлық О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 11 – 15 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Кәдірбаева Назерке Кәдірбайқызы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
-------------	----------	----------	----------	----------	------

Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны Мақсаты: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	«Не жоғалды?» ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту	«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны Мақсаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	«Сен қалай өмір сүресің» ойыны Мақсаты: балаларда қимылды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу, ойлау дағдысы, қозғалысты үйлестіру қабілетін дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын Мақсаты: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету	«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету	Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу	«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	«Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту
Танертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 7				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту Мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы	Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту	Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру

	Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!	ретімен атай білу дағдыларын бекіту. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады	түсінігін дамыту Біз қай республикада тұрамыз? – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұегемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқиды	Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою	Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).
--	---	--	--	---	---

Үзіліс :

Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар» Мақсаты: Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. Жағдаят: Объектыны тандау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді тандау Экологиялық паспорттарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру,	Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Зертеушілер» Мақсаты: Ойнатаылығын ойынын этапатарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диалогты моделдеуге үйрету. Жағдаят: Зерттеу объектісін тандау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін жұрналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.	Сюжеттік ойын: Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын Мақсаты : Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . Жағдаят: Үстелді тандау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау;
--	--	---

суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу. 		Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу. 
--	--	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Математика негіздері Міндеті: Бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру Мақсаты. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. - Алма қандай бөліктерге бөлінген? (Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген). - Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (Бүтін) - Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.) Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді. Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?	Қоршаған орта Міндеті: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау Мақсаты Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу Жұмбақ жасыру. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам. «Бағдаршам» ойыны Жүргізуші: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Мақсаты әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру. «Дыбыстың сөздегі орнын тап» дидактикалық жаттығуы Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады	Математика негіздері Міндеті Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру Мақсаты Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту тапсырма Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу Мақсаты . Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. «Дұрыс тап» дидактикалық ойыны – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін
---	--	--	--	---

Үзіліс:

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»

Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.

Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.

Ықтимал күрделендіру: тез ойла

Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



Ойын: «Оюларды құрастыр»

Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.

Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері

Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау.



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Музыка Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Мақсаты Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік»)	Қазақ тілі Міндеті: - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету Ойын: Кім не істейді? Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды.	Математика негіздері Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру Мақсаты: «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы	Музыка Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский) Ән айту: «Шырша әні» (К. Куатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:	Қоршаған орта Міндеті: -Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу Мақсаты Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру «Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегімен тағы да «жолдан» өтеді Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны. Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді.
--	--	---	---	---	--

	жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай) »	«Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менің әкем құрылысшы болып істейді. – Менің анам дәрігер болып істейді.	шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салындар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «=» белгісін қоюға болады.	«Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай)	– Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді
Үзіліс:					

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы: бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.


Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады.

Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді.

Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру

Міндеті: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу

Мақсаты: Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау «Допты еденге соқ».

Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.

Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар

Шығармашылық бейнелеу әрекеті

Міндеті: - Қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту

Мақсаты: - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу

Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану

- Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек

Дене шынықтыру

Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 метр).

Мақсаты Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету

«Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан

Қазақ тілі

Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту

Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету

Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).

Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.

Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.

Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құ-ыл-ыс-шы – құрылысшы.

Ғ-ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер- ғарышкер

Жаңылтпашпен таныстыру.

Ұшқыш меңгергенді

Дәрігер меңгере ала ма?

Дәрігер меңгергенді

Ұшқыш меңгере ала ма?

Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу

Дене шынықтыру

Міндеті: - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,

Мақсаты Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)

Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады,

	допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	және т.б.) және қолғап құрастыру Топтық жұмыстар	соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады		жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<i>Судың қатқанын бақылау</i> Мақсаты: судың құрамымен таныстыру, табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру. <i>Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?</i> Болжамдар: желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады. Тақпақ: <i>Қар жаттыр аппақ</i> <i>Ойнауға жақсы-ақ</i> <i>Осындай шақта</i> <i>Кім үйде жатпақ?</i> <i>Жұмбақ: Қолы жоқ сурет салады,</i> <i>Аузы жоқ тістеп алады.</i> <i>(Аяз)</i> Қозғалмалы ойын: «Кімдікі	<i>Тоғайларды бақылау</i> Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету; Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.	<i>Ағаштар мен бұтақтарды бақылау</i> Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру. Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер. Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады. Мақал-мәтел: Аяз мықты болса,	<i>Қар үстіндегі іздерді бақылау</i> Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. <i>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?</i> Тақпақ: <i>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,</i> <i>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,</i> <i>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,</i> <i>Басқан жері сықырлап келіп қалды.</i> <i>(Абай)</i> Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны	<i>Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу</i> Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. <i>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жсартылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сойтіп қар ұшқындары жерге түседі.</i> Тақпақ:

	<i>алыс».</i> Мақсаты: <i>Икемділігін, күшін дамыту.</i> <i>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету.мұз жолдың үстіне құм себу.</i>	<i>Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.</i> <i>Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»</i> <i>Тақпақ:</i> <i>Қазақ жері –сәніміз</i> <i>Мәуесі мол бағымыз</i> <i>Саясында жетілер</i> <i>Балдай бала шағымыз.</i> <i>Қозғалмалы ойындар:</i> <i>«Қояндар мен аю»</i> <i>Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.</i>	<i>мұрның қызарады.</i> <i>Тақпақ: «Қарағай»</i> <i>Көкке бойын созады,</i> <i>Көпке қолын созады.</i> <i>Кең құшағын ашады,</i> <i>Көлеңкесін тосады</i> <i>Көп қарағай,қарағай</i> <i>Мейірбанды анадай.</i> <i>Қозғалмалы ойын: «Аңшы және қояндар»</i> <i>Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау</i>	<i>ағашқа іліп қою, жем салу</i>	<i>Жазда көлге мұз қатты,</i> <i>Табанымды мұздамты.</i> <i>Мұз ойылып кетті тез,</i> <i>Күліп едік, біз қатты.</i> <i>Қимылды ойын «Ортаға түспек»</i> Мақсаты: <i>тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.</i> <i>Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.</i>
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №46 орта мектеп

Мектепалды даярлық О «а» сыныбы


Балалардың жасы 5 жас



Жоспардың құрылу кезеңі 111-апта 18 – 22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Кәдірбаева Назерке Кәдірбайқызы


Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Түсті табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту	«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойыны Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойыны Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Лото» дидактикалық ойыны Мақсаты: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту	«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	«Маймылдар» ойыны Мақсаты: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожаалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс- әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
		Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру Мақсаты өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны 1. Төрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар). 2. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар) 3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім). 4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім).	Көркем әдебиет Міндеті: - -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту -Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну Мақсаты - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Балалар, ненің суретін көріп тұрсындар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз).	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу (18.12 кірікт)Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту Мақсаты «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру; Қыс Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. –Өлеңді оқып жатқанда көз алдарына кімді елестеттіндер? –Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. –Қалай ойлайсындар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. –Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? –Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? –Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасындар. «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.	Көркем әдебиет Міндеті: -Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару Мақсаты: әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу. Жұмбақты шеш. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 3. Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Ұйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді (Шымшық) Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар». Мақсаты: балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Балалардың сөйлеу тілін белсендіру. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар. Сипаты:балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады

				Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта	
Үзіліс :					
Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. Ойын барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Өнерім қол ұшында, Боламын мен тігінші Тігіншінің ішінде, Бас бармақтай бірінші. Ойын: «Дұрысын тап» Мақсаты: Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру. Тәрбиеші: Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кисе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді? Шаштараз не киеді? Балалар белгілеп береді. - Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер. Ойын:«Тігінші» Тәрбиеші: Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді) Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек. Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуді тиіс.		Артикуляциялық жаттығулар: Ойын:« Часы» «Сағат» Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз. • «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. • «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. «Дәмді тосап» Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек. 		Саусақ ойыны: « Тасбақа» Мақсаты: Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тапқатарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. 1.Тасбақа Тасбақа, тасбақа, Тас астында тұрады. Басын баяу шығарып, Тиіссең кері тығады.  Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады. Фонетикалық жаттығулар Мақсаты: Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.1 .Баудағы кім? Ара болсаң, ызында  З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қаттыжай 2.Жыланның ысылы. Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....	

 	    	 3.Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.   
---	--	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

		Қоршаған орта Міндеті: - Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту Мақсаты Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру «Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегімен тағы да «жолдан»	Сауат ашу негіздері Міндеті Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету Мақсаты Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту «Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: (ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.	Математика негіздері Міндеті: 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру Мақсаты: Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.  Сонымен $10 - 1 = 9$ $9 - 1 = 8$ $8 - 1 = 7$ $7 - 1 = 6$	Сауат ашу негіздері Міндеті: Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай бастыру, бояу Мақсаты Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту «Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: ақа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр,
--	--	--	---	---	--

		өтеді Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны. Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді. – Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді	«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рак), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(кыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).		шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жүл...дыз
Үзіліс:					

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ Ойын: <i>Жүретін саусақтар.</i> Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парак бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.		Үстел үстінде ойналатын ойындар. Ойын: «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин) Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Керекті құралдар: ойынға керек ресурстар. Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.
---	---	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

		Қазақ тілі Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету 1. Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос	Математика негіздері Міндеті: Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру (18.12 кірікт) 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру Мақсаты : Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара біркәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту Тапсырма Педагог пәзл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын	Музыка Міндеті: - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән айту дағдыларын дамыту - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту (кірікт. 18.12) Мақсаты Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	Қоршаған орта Міндеті: Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау Мақсаты Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу «Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяу жолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы). – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстінгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді).
--	--	---	--	--	---

			қалыптастыру. Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды	– Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жактан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды
--	--	--	--	--

Үзіліс: .

Психологиялық ойын:

Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»

Мақсаты: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

Ойын шарты:

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.

Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «катып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады. "Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.

Аз қимылды ойын:

Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

Мақсаты: балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

Ойын шарты:

Мазмұны: Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.

Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы»! – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп , қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

Ойынның ережесі:

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады. Достары көп болғанның пайдасын көреді.Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл –қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Шығармашылық бейнелеу әрекеті

Міндеті: - Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалау
-Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау
— Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару
-- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру
Мақсаты:- Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту
Топтық жұмыс

Дене шынықтыру
Міндеті: Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру (**кірікт 18.12**) Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру

Мақсаты: Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта үш **Мерген имек ағаш».** (3 рет)
Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Иmek ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.

Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет)
Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны

Қазақ тілі
Міндеті - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту
Мақсаты қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету .
-Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.
1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.
— Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді.
2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.
— Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың?
— Мен кешірім сұраймын.
— «Кешір» деген сөзді айтамын.
— Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды

Дене шынықтыру
Міндеті: - Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау
Мақсаты - Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.
«Терек» (Қырғыз халқының ойыны).
Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды.
«Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады.

«Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет)
Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп,

			кима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды.ыруға үйрету		орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<i>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау</i> Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшықтары жесделдеп жауады. Тақпақ : <i>Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай.</i> Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. Жұмбақ: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.	<i>Қырауды бақылау</i> Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Болжам: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ: Қант сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. (қар) Қимылды ойын: «Суықторғайлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.	<i>Мұз сүңгісін бақылау</i> Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? (Сәбіз сияқты) Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма? Тақпақ : Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Еңбек: «Мұз жерлерге құм себу»	<i>Қайың ағашын бақылау</i> Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады. Тақпақ: <i>Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі.</i> Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш) Қимылды ойын: «Апандағы аю» Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.	<i>Терезедегі өрнектерді бақылау</i> Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Тақпақ: <i>Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта атырап Іздерінен қар ұшып</i> Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: <i>Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)</i> Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокка сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімінзді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

--	--	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №46 орта мектеп

Мектепалды даярлық О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі V1-апта 25 - 29 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Кәдірбаева Назерке Кәдірбайқызы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес	«Тазалықтың денсаулық үшін	«Тәні саудың жаны сау»	«Күн сайын ... тәртібі	«Біз гимнастиканы не үшін	«Бұлар қауіпті заттар»

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)	әңгімелесу Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы) әңгімелесу	жасаймыз» әңгімелесу (таңертеңгі гимнастиканың маңызы туралы)	әңгімелесу. Қауіптер туралы иллюстрация қарау
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Мақсаты : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру. —Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды. Демонстрациялық материал. —Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. —Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрандар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады.	Сауат ашу негіздері Міндеті: Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу Мақсаты: Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Тіісті белгіні көтер» — Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер. Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу,	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. — Жақында қандай мерекені қарсы аламыз? — Қандай мереке шыршасыз өтпейді? — Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? — Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? — Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Мақсаты . «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету «Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек	

	–Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды	керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан	жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.		
--	--	--	--	--	--

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары: Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа. Ағайынды аралар. Ағайында арарармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз. -3-3-3-3-3 Шырын іздеп күні бойы Гүл бақшаны аралаймыз -3-3-3-3-3 (Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара Қалмай ұшып соңынан, Ара қуды Мұратты. -3-3-3-3-3 Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)	  	Ойын: «Допты қуып жет» Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанатын. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.
---	---	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Математика негіздері Міндеті: Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз?	Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту Мақсаты жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды	Сауат ашу негіздері Міндеті: Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу Мақсаты: дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз” Шарты: бала бір сөздің	Математика негіздері Міндеті: - - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Мақсаты заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау керек.	
---	---	--	--	--

	Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз	табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады	атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады. Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”. Жауабы: қыс. Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.	– Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады? Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады. -Не артық? Не кем? – Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады. -Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды	
--	---	--	---	---	--

Үзіліс:

Саусақ ойындары Ойын: Су толтыру. Мақсаты: Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету. Керекті құралдар: шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке. Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.	Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар. Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.	Дидактикалық ойын: «Домино» Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6 см карточкалар.
---	--	--

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Музыка Міндеті: - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы	Қазақ тілі Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен	Математика негіздері Міндеті: - Заттардың саны олардың көлеміне,	Музыка Міндеті: - Би қимылдарын: қосалқы	
--	--	---	--	--	--

	өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету Мақсаты Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	жүйелі түрде жеткізу Мақсаты сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» – Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетінде, Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.	арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Мақсаты Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір-бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді	және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Мақсаты: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)	
Үзіліс:					

«Гүлдерді күтеміз» ойыны Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету. 	Қимылды ойын: «Ту». Мақсаты: Топтағы қарым-қатынасты нығайту. Ойынның шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)	Қимылды ойын: «Шұңқырдағы қасқырлар» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Ойынның шарты: Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.
---	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Дене шынықтыру Міндеті: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру Мақсаты Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту I. «Қарда жүргіш мәшиесі»: бір тізбекпен жүреді. «Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. II. ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел». • Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу. • Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. • Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару. • Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. • Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге	Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: Жаңажыл мерекесі туралы түсініктерін арттыру - Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау Мақсаты: - Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту Топтық жұмыс	Дене шынықтыру Міндеті: Түзу бағытта адымдап жүру Мақсаты 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)	Қазақ тілі Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу Мақсаты сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Ойын «Сұраққа жауап бер». – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын	
--	--	---	--	--	--

	тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру).				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<i>Желді бақылау</i> Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды-ғын,баяу, жылдам сөздерінің магнасын түсіндіру Сұрақ: - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржсаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жасаған нұр. Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.	Аула сыпырушы еңбегімен танысу Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Тақпақ: Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. Қимылды ойын: «Сауықшылар» (қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу	Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осында қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Музафар Әлімбаев Қимылды ойын: «» Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.	Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау) Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жәудеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жасақсаң, жаның рахат табады. Ағаш	Алаңдағы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суретпен айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға алаңдағы ағаштарды бақылау
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.

		күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	--	---	---